

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. ФИРМА МАРКЕТИНГІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ ЖОСПАРЛАУ

2. Сабақтың мазмұны:

- 5.1 Маркетинг жоспарлаудың мәні және маңызы.
- 5.2 Оперативті және стратегиялық жоспарлау.
- 5.3 Бизнесің маркетингтік стратегиясы.
- 5.4 Фирманың бәсекелестік жайғасымы және фирманы табысты басқару шарттары.
- 5.5 Маркетингтің бюджетін әзірлеу.

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: студенттерді маркетингті басқарудың негізгі категорияларымен, принциптерімен және механизмімен таныстыру; маркетингті басқарудың қолданыстағы үлгілері мен әдістерін зерттеу; стратегиялық және тактикалық маркетингті басқару дағдыларын дамыту; студенттерді маркетингті басқару саласындағы отандық және шетелдік тәжірибемен таныстыру; студенттерді маркетингті басқарудың тиімділігін бағалауға үйрету.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- *Үйге берілген тапсырманы тексеру*
- *Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру*
- *Өзін-өзі бақылау сұрақтары:*
 - 1. Маркетингті жоспарлаудың мәнін, рөлін артықшылықтарын сипаттаңыз?
 - 2. Стратегиялық басқару үрдісінде маркетингтік ақпараттың мәні неде?
 - 3. Стратегиялық және оперативтік маркетингтің мәнін және жоспардың түрлерін сипаттаңыз?
 - 4. Ұйым миссиясын қалыптастыруға қандай факторлар әсер етеді?
 - 5. Стратегиялық талдаудың құрылымы қандай?
 - 6. Кәсіпорынның маркетингтік жоспары қандай мақсатта әзірленеді?
 - 7. Маркетингтік стратегиялар дегеніміз не?